

«Қазақстанның Кәсіпқой футбол лигасы» Заңды тұлғалар бірлестігінің
алқалы органдар туралы
ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Қазақстанның Кәсіпқой футбол лигасы» Заңды тұлғалар бірлестігінде (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚКФЛ») өзінің жарғылық қызметін қамтамасыз ету үшін құрылатын алқалы органдардың қызметін қалыптастыру тәртібін және олардың ұйымдастырушылық негіздерін айқындайды.
2. Осы ереже ҚКФЛ-дың операциялық қызметін реттейтін «комиссиялар» нысанында құрылатын ҚКФЛ-дың алқалы органдарына қолданылмайды. Комиссиялар құру туралы шешім Бас хатшының актісі негізінде қабылданады.
3. Алқалы органдар Кеңеспен келісім бойынша Президенттің шешімі негізінде құрылады. Шешім алқалы органның атауын, оның құрамын және оның мүшелерінің өкілеттік мерзімін қамтуы тиіс.

II. АЛҚАЛЫ ОРГАНДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ РЕГЛАМЕНТІ

4. Алқалы органның отырысын өткізу туралы шешімді Президент қабылдайды және отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 күннен кешіктірілмейтін мерзімде оның мүшелерінің назарына жеткізіледі. Алқалы органның отырысын өткізу туралы хабарламада Президент бекіткен отырыстың күн тәртібі қамтылуы тиіс.
5. Алқалы органның мүшелері өздерінің қатысуын отырыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 3 күннен кешіктірмей жазбаша растауға міндетті.
6. Алқалы орган күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешім қабылдайды. Алқалы органның жұмысы кезінде оның отырысының күн тәртібіне енгізу туралы ұсыныстарды Президент қатысып отырған алқалы орган мүшелерінің кемінде жартысының бастамасы бойынша енгізе алады.
7. Алқалы органның отырыстарын Президент жүргізеді. Ол болмаған жағдайда, отырыста ҚКФЛ жарғысына сәйкес Президенттің міндетін атқарушы Бас хатшы төрағалық етеді.
8. Алқалы органның барлық шешімдері қатысып отырған мүшелер санының 3/4-імен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, отырыста төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.
9. Алқалы органның отырысы, егер оған мүшелерінің кемінде жартысы қатысса, заңды болып танылады.
10. Кворум болмаған жағдайда, алқалы органның отырысы жоспарланған отырыс өткізілген уақыттан бастап 24 (жиырма төрт) сағатқа кейінге қалдырылуы мүмкін, және сол жерде және сол күн тәртібімен өткізілуі тиіс. Алқалы органның қайта отырысы үшін кворумның болуы талап етілмейді.
11. Алқалы органның шешімдері отырыстың төрағалық етушісі және хатшысы қол қоятын хаттама нысанында ресімделеді.

12. Алқалы органның хаттамасы ол өткізілген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ҚКФЛ-дың барлық мүшелеріне жіберіледі.
13. Алқалы органның шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.
14. Алқалы органның сырттай отырысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бюллетеньдерді мүшелерге жіберу арқылы сұрау жолымен өткізіледі.
15. Сырттай дауыс беру жолымен өткізілетін алқалы органның отырысын өткізу күні дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдаудың аяқталған күні болып табылады.
16. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді қабылдау мерзімі аяқталған күнге дейін осындай бюллетеньдер солардан алынған мүшелер сырттай дауыс беру нысанында өткізілетін алқалы органның отырысына қатысқандар болып есептеледі.
17. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:
 - 17.1. алқалы органның толық атауы;
 - 17.2. дауыс беру бюллетеньдерін ұсынудың соңғы күні;
 - 17.3. дауыс беру жүргізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
 - 17.4. күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша «жақтап», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен берілген дауыс беру нұсқалары;
 - 17.5. күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсініктемесі қамтылуы тиіс.
18. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге алқалы органның мүшесі қол қоюы тиіс.
19. Дауыстарды санау кезінде алқалы органның мүшелері бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған, және дауыс берудің ықтимал нұсқаларының біреуі ғана белгіленген мәселелер бойынша берілген дауыстар ғана ескеріледі.
20. Дауыс беру қорытындысы бойынша Бас хатшы сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.
21. Сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалғаннан және оған қол қойылғаннан кейін, солардың негізінде хаттама жасалған сырттай дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер) хаттамамен бірге тігіледі және ҚКФЛ-да сақталады.
22. Сырттай дауыс беру қорытындылары туралы хаттама алқалы орган отырысының хаттамасына қоса тіркелуі тиіс.
23. Алқалы органның күн тәртібіндегі бір немесе бірнеше мәселелер бойынша шешімдері аралас дауыс беру (бетпе-бет және сырттай дауыс беру нысандарын бір мезгілде пайдалану) арқылы қабылдануы мүмкін. Алқалы орган дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында жекелеген мүшелерге дауыс беру үшін бюллетеньдерді таңдап жіберуге құқылы емес.
24. Алқалы органның жұмысына қатысумен тікелей байланысты шығыстардың өтемақысын қоспағанда, ҚКФЛ алқалы органның мүшелеріне өздеріне жүктелген функцияларды орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылы емес.
25. Алқалы орган қабылдайтын шешімдер, егер алқалы орган басқа күнді белгілемесе, олар қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

III. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

18. Осы ережемен реттелмеген барлық жағдайларда, алқалы органдар Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын және ҚКФЛ-дың регламенттеуші құжаттарын басшылыққа алады.
19. Осы ережеге толықтырулар мен өзгерістер Жалпы жиналыстың шешімімен енгізіледі.
20. Осы ереже 2022 жылғы 29 қыркүйектен бастап күшіне енеді.